ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ

«07» 03 2024 ж. жүргізілді

БСН 240340008148

«Күншуақ-2024» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігінің

Жарғысы

Устав

общественного объединения лиц с инвалидностью «Күншуақ-2024»

20 ақпан 2024 ж. құрылтай жиналысының
хаттамасымен бекітілген

«Күншуақ-2024»
мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігінің

Жарғысы

1.Жалпы ережелер

1.1. «Күншуақ-2024» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігі, қоғамдық бірлестік - ұйымдық-құқықтық нысанында азаматтардың бастамасымен өздерінің ортақ мүдделерін қорғау және жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін мүшелікке бірігу негізінде құрылған, бұдан былай «Бірлестік» деп аталатын коммерциялық емес ұйым болып табылады.
1.2. Бірлестіктің толық атауы:
мемлекеттік тілде: «Күншуақ-2024» мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестігі;
қысқартылған атауы: «Күншуақ-2024» МҚБ.
орыс тілінде: Общественное объединение лиц с инвалидностью «Күншуақ-2024»
қысқартылған атауы: ООИ «Күншуақ-2024».
1.3. Бірлестік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес және осы Жарғы негізінде жүзеге асырады.
1.4. Бірлестік оқшау мүлкі, дербес балансы бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие бола алатын заңды тұлға болып саналады және міндеттемелер көтереді, сотта талапкер және жауапкер бола алады.
1.5. Бірлестік өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төлеттіріп алу салынуы мүмкін өз қаражаттары және мүліктерімен жауап береді. Мемлекет және Бірлестік мүшелері Бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бірлестік мүшелері мен мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
1.6. Бірлестіктің өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті атрибуттары, өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, оның жеке фирмалық бланкілері бар.
1.7. Бірлестік өз қызметін Жамбыл облысының аумағында жүзеге асырады.
1.8. Бірлестіктің заңды мекен-жайы және тіркелгеннен кейін басқарушы органдары және құжаттары төмендегі мекен-жайда орналасады: пошталық индексі 080000, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Арай массиві, Домалак Ана көшесі, №179 үй.
1.9. Бірлестік қызметінің мерзімі шектеусіз.

2. Бірлестіктің мақсаты мен қызметінің мәндері

2.1. Бірлестік қызметінің мақсаттары: тұрғындардың мәдени, экономикалық, әлеуметтік дамуы, білім деңгейінің көтерілуі бойынша қызмет көрсету және басқа да қоғамдық пайдалы мақсаттар.
2.2. Бірлестік негізгі мақсаттарына жету үшін келесі қызмет мәндерін жүзеге асырады:
1) мүгедектердің мұқтажына қажет тауарларды (тифлотехникалық құралдар, қозғалудың арнаулы құралдары, міндетті гигиеналық құралдар) және т.б сатып алу бойынша қызметтер, жұмыстарды жүзеге асыру;
2) оның мүшелерінің заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау және білдіру;
3) қоғам мүгедектерінің мәселелерін шешуде биліктің жергілікті атқарушы және өкілетті органдарымен әрекеттесу;
4) мүгедектерге, өмірде қиын жағдайға ұшыраған адамдарға және тұрмыстық зорлықты көрген жандарға көмек көрсету;
5) Келесі бағыттар бойынша Қоғамның іс-шаралар жоспарын әзірлеу: ада құқықтары, әлеуметтік қорғау және көмек, білім беру, экологияны және салауатты өмір салтын насихаттау;

6) Барлық жас санатындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау сұрақтары бойынша әзірленетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне Қоғамның ұсыныс енгізуі;
7) Мүгедектердің заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету бойынша, соның ішінде барлық жас санаттарындағы мүгедектерді оңалтудың кешендік және өнірлік бағдарламаларын дайындау барысында бидік органдарына ұсыныс енгізу;
8) Мүгедектерді қабілетіне, кәсіби дайындығына, біліміне сәйкес еңбекке орналастыруға көмектесу;
9) Қайырымдылық қызметі;
10) Жарғыға сәйкес қайырымдылық мақсатында және басқа да тапсырмаларды шешу үшін табыс пайдалану сауда делдалдық, коммерциялық мәмілелерді жүзеге асыру ,
11) Мүгедектерге және халықтың ішіндегі әлеуметтік жағынан қорғалмаған әлжуаз санатына арнайы әлеуметтік қызмет көрсету;
12) Барлық жас санатындағы мүгедектердің тұрғын үй-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетуін жақсартуға белсенді қатысу;
13) Шипажайлар мен лагерьлер, пансионаттар, оңалту және спорттық-сауықтыру орталықтары, мәдени-ағарту жүйелері, өндірістік, материалды техникалық базаны құру және дамыту;
14) ЖОО, ОАОО және жалпы білім беру мектептеріне түсу және ары қарай оқу үшін білім беретін орталықтар, орталықтар ашу;
15) Әлеуметтік-қараусыз қалған мекемелерді, білім беру, емдеу-сауықтыру мекемелерін қаржыландыру және ұйымдастыру, облыстағы балалар мекемелерін қаржыландыруға көмектесу;
16) Барлық жас санатындағы мүгедектердің, әйелдердің, мүгедектердің ата-аналарының, жетім балалардың, жастардың, жалғыз басты және егде жандардың мәселелеріне қатысты акция, семинар, конференциялар өткізу;
17) ғылыми-білім беру, әлеуметтік-гуманитарлық, мәдени және басқа да қоғамдық-пайдалы қызмет түрлеріне қатысу және жүргізу;
18) тұрғындардың құқықтық, әулеметтік және қаржылық мәселелерін жақсартуға бағыттылған бағдарламалар (жобалар) жасау және іске асыру;
19) кеңестер: тұрғындарға нақты құқықтық көмек, мүдделерін қорғау және білдіру;
20) жергілікті тұрғындарды әлеуметтік және қаржылық мәселелерге қатысуына көңіл аудару;
21) әлеуметтік-азаматтық, қоғамдық бастамаларды дайындау, енгізу және қолдау;
22) халықтың әлеуметтігін қолдау үшін көзделген жобаларға қатысу;
23) аудандық және облыстық еңбекпен қамту қызметімен жұмыссыз азаматтарды қайта дайындау және оларды еңбекпен қамтамасыз етуге оқыту;
24) спорттық және сол сияқты іс-шараларды ұйымдастыру қызметтері;
25) шағын кәсіпкерлік субъектілеріне білім беру, маркетингтік, коммуникативтік-ақпараттық, консалтингтік және басқа да ұйымдастыру-басқару қызметтерін көрсету;
26) жұмыс істеп жатқан жанұялық балалар үйі мен мектеп – интернаттарға және балалар мекемелеріне қоғамдық қамқорлық ұйымдастыру, өз мүмкіндігіне қарай, қамқорлыққа алынған балалар мекемелеріне, жетім балаларды тәрбиелеп жатқан азаматтарға, көп балалы және толық емес жанұяларға, мүгедектерге және олардың жанұяларына материалдық және моральдық көмек көрсету;
27) азаматтардың құқығы мен мүддесін қорғау үшін, олардың біліміне, денсаулығына және жұмыспен қамтылуына байланысты гуманитарлық максаттағы шараларды қаржыландыру үшін ақша жинау бағдарламаларын жасау;
28) әлеуметтік қызметкерлерге оқу семинарлар, тренингтер өткізу;
28) Бірлестіктің Жарғылық міндеттеріне қол жеткізу үшін қажет болса, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру.
2.3. Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Бірлестік:
- жеке адамдармен және әртүрлі мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдармен өзара қарым-қатынастар жасайды;
- мемлекеттік тапсырыс пен мемлекеттік сатып алу бойынша тендерлерге қатысады.

2.4. Бірлестік жүзеге асыратын бағдарламаларды, жобалар мен шараларды, Бірлестік мүшелерінің мүдделері мен заңды құқықтарын қорғауды және өкіл болуды жүзеге асыруға құқылы.

3.Бірлестікті басқару органдары

3.1. Бірлестікті басқаруды жүзеге асырады:
жоғарғы басқару органы - Бірлестік мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы;
атқарушы орган - Бірлестік Төрағасы;
бақылау органы - Ревизор.
3.2. Бірлестік мүшелерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысы - басқа органдардың құзырына кірмейтін, бірлестік қызметінің барлық мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы жоғарғы басқарушы орган.

Жалпы жиналыс керекті жағдайларда, жылына кем дегенде бір рет шақырылады. Шұғыл мәселелерді шешу үшін Бірлестіктің Төрағасының ұсынысы бойынша кезектен тыс жиналыс шақырылады.
3.3. Жалпы жиналыстың айрықша құзырына жатады:
- Бірлестіктің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, қабылдау;
- Бірлестікті еркін қайта ұйымдастыру және тарату;
- Бірлестікті басқару органдарының құзырын, ұйымдық құрылымын, құрылу тәртібін және құзырының тоқтатылуын анықтау,
- Бірлестіктің атқарушы органын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, оған төленетін өтемақы мен сыйақының мөлшерін бекіту, өкілеттігін анықтау;
- атқару органының қаржылық есептер беруінің тәртібін және кезеңділігін, сонымен қатар бақылаушы органының тексеру жүргізу және олардың нәтижелерін бекіту тәртібін анықтау;
- заң актілерімен бекітілген шектерде бірлестіктің басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне, сонымен қатар өз филиалдары мен өкілдіктеріне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- кіру және мүшелік жарналардың көлемін анықтау;
- сыйақы мөлшерін бекіту;
- Бірлестіктің аудиторын (тексерушісін) бекіту;
- Бірлестік Төрағасының жұмысы туралы есепті бекіту.
3.4. Бірлестік мүшелерінің (қатысушыларының) 2/3-сі қатысқан Жалпы жиналыстың мәжілісі құқылы болып саналады. Бірлестік мүшелерінің (қатысушыларының) жиналысындағы шешім қатысушылардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.
3.5. Бірлестік Төрағасы - Бірлестік Жарғысымен жалпы жиналыстың айрықша құзырына жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, Бірлестік қызметіне жалпы басқарушылық жасайтын орган. Жалпы жиналыстың шешімі бойынша Бірлестіктің Төрағасына өз міндеттерін атқару кезеңіне сыйақы төленеді және (немесе) оның қызметін атқаруымен байланысты шығындары өтеледі. Мұндай сыйақылардың және өтемақылардың көлемі Бірлестіктің жалпы жиналысы мүшелерінің (қатысушыларының) шешімімен орнатылады.
3.6. Бірлестіктің Төрағасы оның мүшелерінің ішінен жалпы санының көпшілік дауысымен, ашық немесе жабық дауыс беру арқылы 5 жылға сайланады.
3.7. Бірлестіктің Жарғысымен белгіленген шекте, Бірлестіктің Төрағасының айрықша құзырына келесі мәселелер жатады:
1) Бірлестік қызметінің басым бағыттарын анықтау;
2) Бірлестік мүшелерінің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
3) жалпы жиналыстың күн тәртібін белгілеу;
4) Бірлестікке мүшелікке қабылдау және мүшеліктен шығару;
5) Бірлестік тексерушісінің сыйақысы мен аудитор қызметінің төлемақысының мөлшерін анықтау;
6) қаржылық және басқа материалдық құралдардың қарызға алыну тәртібі, қайнар-көздері және көлемі туралы шешім қабылдау;
7) Бірлестіктің қаржылық және басқа материалдық құралдарын пайдалану тәртібін анықтау;
8) Бірлестік қызметінің тәртібін анықтайтын Бірлестіктің ішкі құжаттарын, сонымен қатар қызметкерлердің еңбек ақысы туралы ережені бекіту, өзгерту және толықтыру;

9) Жалпы жиналыста бекітуге ұсыну үшін, Бірлестіктің Жарғысына толықтыру және өзгерістер жобасын дайындау;
10) Бірлестіктің мақсаттық бағдарламаларын және жобаларын бекіту;
11) Бірлестіктің ағымдағы қызметін қаржыландыру мәселелерін шешу, Бірлестіктің бағдарламаларының және жобаларын, басшыларының жылдық есептерін бекіту;
12) Бірлестік атынан сенімхатсыз жұмыс істеу;
13) сенімхатгар беру;
14) банктерде есеп шоттар ашу;
15) Бірлестіктің барлық қызметкерлеріне міндетті бұйрықтар мен нұсқаулар беру;
16) Бірлестік қызметкерлерін жұмысқа алу және жұмыстан босату;
17) Бірлестік қызметкерлеріне көтермелеу шаралары мен тәртіптік шаралар қолдану;
18) Бірлестік қызметкерлерінің жұмысына бақылау жүргізу;
19) Бірлестіктің атынан еңбек ұжымымен шарт жасасу;
20) Бірлестіктің жалпы жиналысының келісімімен хатшы-қазынашыны тағайындау немесе лауазымынан босату;
21) Жалпы жиналыстың айрықша құзырына жатпайтын, Бірлестік Жарғысымен қарастырылған басқа да мәселелер.
3.8. Бақылау органы - ревизор, жоғары басқару органымен, атап айтқанда жалпы жиналыс негізінде 3 жыл мерзімге сайланады немесе тағайындалады.
3.9. Ревизор комиссиясы жалпы жиналысқа есепті.
3.10. Ревизор кез-келген уақытта Бірлестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуге құқықты. Ревизордың осы мақсат үшін Бірлестіктің барлық құжаттамасын сөзсіз пайдалану құқығы бар. Ревизордың талап етуі бойынша атқарушы органның мүшелері ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсінік беруге міндетті.
3.11. Ревизор Бірлестіктің жылдық қаржы есебі жалпы жиналыста бекітілгенге дейін тексеру жүргізеді.

4. Бірлестік құқықтары және міндеттері

4.1. Қоғамдық бірлестіктер жарғыда және Қазақстан Республикасының заңдарында берілген өкілеттік шегінде жұмыс істейтін басшы органдары арқылы құқықтарға ие болып, өздеріне міндеттер алады.

Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін қоғамдық бірлестіктер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

- өз қызметі туралы ақпарат таратуға;
- соттар мен басқа да мемлекеттік органдарда, өзге де қоғамдық бірлестіктерде өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіруге және қорғауға;
- бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;
- бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге;
- баспа қызметін жүзеге асыруға;
- халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге кіруге;
- Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де өкілеттікті жүзеге асыруға құқылы.

Қоғамдық бірлестік:

- Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ жарғыда көзделген нормаларды сақтауға;
- өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен және шешімдермен олардың танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- ақша қаражатының келіп түсуі мен жұмсалуы туралы өз мүшелерін хабардар етуге;
- тұрақты жұмыс істейтін басшы орган орналасқан жердің және Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде басшылар туралы деректердің өзгергені туралы тіркеуші органға хабарлап отыруға міндетті.

5. Бірлестікке мүшелік

5.1. Бірлестіктің жарғылық мақсаттарын бөлетін және оның қызметіне жеке қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтары Бірлестіктің мүшелері бола алады.
Бірлестіктің жарғылық мақсаттарына жетуіне мүдделік танытқан және өзінің қатысуымен олардың іс жүзіне асуына көмектесетін шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар ҚР азаматтарымен бірге, Бірлестік Төрағасының ұсынысы бойынша Бірлестікке мүшелікке қабылдануы мүмкін.
Бірлестіктің мүшелері кіру мен мүшелік жарналарын төлейді.
5.2. Бірлестік мүшелерінің құқықтары:
- Бірлестікті басқаруға қатысу;
- сайланбалы лауазымға сайлау және сайлану;
- Бірлестіктің барлық бағдарламаларына және акцияларына қатысу;
- Бірлестік органдарының талқылауына, оның қызметіне қатысты кез-келген мәселелер ұсыну.
5.3. Бірлестіктің мүшелерінің міндеттері:
- аталған Жарғының ережелерін сақтау;
- Бірлестік органдарының құқықтық шешімдерін орындау;
- Бірлестіктің жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне жетуге көмектесу;
- мүшелік жарна төлеу;
- Бірлестік қызметіне зиян келтіруі мүмкін істерді жасаудан тыйылу.
5.4. Бірлестік Төрағасымен мүшелігіне кіру кірушінің жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады. Кірушінің өтініші қаралатын бірлестік жалпы жиналысының мәжілісіне оның қатысуы міндетті емес.
Бірлестікке мүшелік оның мүшесінің Бірлестік мүшелігінен шығу туралы берген өтініші бойынша немесе Бірлестік Төрағасының Жарғы ережелерін орындамағаны салдарынан мүшеліктен шығару туралы шешім негізінде тоқтатылады. Бірлестіктен шығарылған мүше Бірлестік Төрағасының шешімімен келіспеген жағдайда, ол оған қатысушылардың көпшілік даусымен Бірлестік Төрағасының шешімінің күшін жоюға құқылы Бірлестік мүшелерінің жалпы жиналысына жүгіне алады.

6. Бірлестіктің қаражаттары және басқа мүліктерін құру көздері

6.1. Бірлестіктің мүліктері мен қаражаттары:
- Қазақстандық және шетелдік заңды және жеке тұлғалардың ерікті негізінде берген ақшалай және өзге жарналарынан және қайырымдылықтарынан;
- Бірлестіктің жарғылық мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылатын шаруашылық, кәсіпкерлік, сыртқы экономикалық қызметтерінен, азаматтық-құқықтық мәмілелерден түсетін түсімдерден;
- Бірлестік құрған заңды тұлғалардан түсетін түсімдерден;
- Бірлестіктің жарғылық мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылатын заңмен тыйым салынбаған өзге түсімдерден тұрады.
6.2. Бірлестік, оның мүшелері, өзге азаматтар мен заңды тұлғалар, жарғылық міндеттерді орындауға берген мүліктердің, сонымен бірге шаруашылық қызметінен және өзге шаралардан түскен түсімін қоса есептегендегі қаражат меншігі есебінен құрылған немесе алынған мүліктің иесі болып табылады.
Бірлестік меншігінде ғимараттарды, құрылыстарды, тұрғын үй қорларын, жабдықтарды, көліктерді, құралдарды, мәдени-ағартушылыққа және сауықтыруға арналған мүліктерді, ақшалай қаражаттарды, сонымен бірге осы Жарғымен көзделіп отырған қызметтерді қамтамасыз етуге қажетті өзге мүліктерді иелене алады.
6.3. Бірлестіктің мүлкі мен ақша қаражаты Бірлестіктің дербес балансында бейнеленеді және ағымдағы және валюталық есепке жазылады. Керекті жағдайларда Бірлестік жеке және/немесе заңды тұлғалардың ерікті негізде аударатын қайырымдылықтары түріндегі немесе Бірлестіктің нақты бағдарламалары мен жобаларын жүзеге асыруға қажет ақшалай (сонымен қатар валюталық) қаражаттарды есепке енгізу үшін қосымша арнайы ағымдық және суб.есептер ашады.

6.4. Бірлестік өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төлеттіріп алу салынуы мүмкін өз мүлкімен және қаражаттары арқылы толық мүліктік жауапкершілік көтереді.

7. Қаржы-шаруашылық қызметі

7.1. Бірлестіктің табысы, сонымен қатар азаматтар мен ұйымдардан алынған ақшалар, сонымен бірге валюталық қаржылары, жылжымайтын мүліктері, жабдықтары, мүліктері және өзге де материалдық құндылықтары Бірлестік мүшелері, бірлестік жұмысшылары, олардың жанұя мүшелері арасында бөлініске түсе алмайды, сонымен бірге жеке адамдар немесе шағын топтардың жеке мүдделері үшін пайдаланылуы мүмкін емес.

Бірлестіктің бұл аталған кірістері мен ақша қаражаттары тек жарғылық және өзге де қайырымдылық қызметтерді жүзеге асыру, Бірлестіктің қатысатын бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру үшін ғана қолданылады.

7.2. Бірлестік коммерциялық пайдалану мақсатынсыз Қазақстандық және/немесе шетелдік заңды және жеке тұлғалардан меншігіне немесе пайдалануға жарғылық мақсаттар мен міндеттерін жүзеге асыру үшін ақысыз негізде ақша қаражаттарын, жылжымайтын мүлікті, құралдарды, мүліктерді және материалдық құндылықтарды алуға құқылы.

8. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

8.1. Бірлестіктің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар жалпы жиналыстың шешімімен енгізіледі. ҚР Азаматтық Кодекстің 42-бабына сәйкес бір айлық мерзімде тіркеу органына хабарлайды.

9. Бірлестіктің таратылу және қайта ұйымдастыру тәртібі

9.1. Бірлестікті тарату немесе қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта ұйымдастыру) Бірлестік мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көрсетілген тәртіпте жүзеге асырылады.

9.2. Бірлестік қайта ұйымдастырылған кезде, оның құқықтары мен міндеттері, мүліктері жарғының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жалпы жиналыспен анықталған құқықтық мирасқорларына өтеді.

9.3. Сот шешімі бойынша Бірлестік келесі жағдайларда таратылуы мумкін:

- банкрот болғанда;
- жарғының мақсаттарына қайшы келетін қызметтерді жүйелі түрде жүзеге асырса;
- қызметті тиісті рұқсатсыз (лицензиясыз) атқарса немесе заңмен тыйым салынған, не заңды бірнеше рет немесе өрескел бұзу арқылы қызмет атқарса;
- заң актілерінде белгіленген басқа жағдайларда.

9.4. Бірлестікті таратуды Бірлестіктің жалпы жиналысы тағайындаған тарату комиссиясы (таратушы) жүзеге асырады.

Бірлестік сот шешімімен таратылған жағдайда, тарату комиссиясын (таратушыны) сот тағайындайды.

9.5. Жалпы жиналыс таратылу уақыты мен тәртібін, сонымен бірге несие берушілердің талап беру мерзімін белгілейді.

9.6. Бюджет, банк және несие берушілер алдындағы қарыздарды орнатылған тәртіпте төлегеннен қалған ақшалар және мүліктер бірлестік жарғысымен көрсетілген мақсаттар үшін пайдаланылады. Бірлестік ақылы пайдалануға немесе жалға алынған ғимараттар, үйлер, құралдар немесе өзге мүліктер олардың иелеріне орнатылған тәртіпте қайтарылады.